

Қ.М.Тиреуов¹, Д.Женсхан^{1*}, А.К. Байдаков¹, Б.Б.Қыпшақбаев¹С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: azan_tanat@mail.ru**АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ АРТТЫРУҒА
АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДАҒЫ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫНЫҢ ӘСЕРІ****Аңдатпа**

Мақаланың мақсаты-елдегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлікке қол жетімділік деңгейін анықтау, сондай-ақ ондағы проблемаларды реттеудің негізгі тетіктерінің бірі ретінде аграрлық сектордағы еңбек ресурстарының рөлін зерттеу. Мақалада Республика халқының 2018-2024 жылдар аралығындағы әлеуметтік маңызы бар тамақ өнімдерін тұтыну көлемінің динамикалық өзгерістеріне және ол көрсеткіштердің жан басына шаққанда тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормасына сәйкестігіне талдау жасалды. Сонымен қатар, экономикалық қызмет түрлері бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыспен қамтылған халық саны және олардың жалақысына салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кедергі келтіретін бірқатар проблемалар анықталды, олар: жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) ауыл шаруашылығы өндірісі көлемінің тұрақсыз динамикасы, азық-түлік өнімдері бойынша импортқа тәуелділік, азық-түлік өнімдерін қайта өңдеу саласындағы проблемалар, ауыл шаруашылығы секторындағы жұмыс күшінің азаюы және бұл саладағы жалақының ең төменгі мөлшерінің сақталуы. Мақалада аталған проблеманы тиімді шешудің негізгі тетігі ретінде ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек ресурстарын тұрақты жұмыспен қамту және орташа жалақының тұрақтылығын сақтау қажеттігі көрсетілді. Ол үшін мемлекет және жергілікті атқарушы органдар ауыл шаруашылығы кооперативтерінің әр түрлі ұйымдық формаларын дамытуға, ауыл шаруашылығы емес қызмет түрлерін кеңейтуге баса назар аудару керек екендігі ғылыми негізделді.

Негізгі сөздер: азық-түлік, азық-түлік қауіпсіздігі, еңбек ресурстары, аграрлық сектордағы еңбек ресурстары, ауыл шаруашылығы.

Кіріспе

Азық-түлік қауіпсіздігі – басым мемлекеттер үшін халқының негізгі бөлігінің қалыпты өмір салтын сақтауға қажетті азық-түлік өнімдеріне қолжетімділік деңгейін көрсетеді. Бұл термин 1972-1973 жылдардағы терең астық дағдарысынан кейін енгізілді [1]. Азық-түлік қауіпсіздігін сақтау кез-келген мемлекеттің қауіпсіздігінің кепілі. Сол себепті оны қамтамасыз ету шараларын уақтылы жүргізу үлкен шығындардың алдын алып, дені сау ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді [2]. Осыған сәйкес әлем елдері азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзіндік деңгейдегі шараларын жүргізеді. Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) деректерін ескеретін болсақ, ол бірнеше ішкі жүйелерді қамтиды: азық-түлік тәуелсіздігі (азық-түліктің ішкі көздері), әлеуметтік тұрақтылық (барлық әлеуметтік топтарының мүмкіндігі), демографиялық тұрақтылық (тамақтануға байланысты қоғамның денсаулығы), азық-түлік өндіру саласы (халықты тұрмыс сапасына әсер ету деңгейі).

Әлемдік зерттеулерді ескерсек, дамушы елдердегі агроазық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін негізгі факторға баса мән берген жөн, олар: жаһандану (азық-түліктің халықаралық саудасы, шикізат, технология, инновация, капитал және жұмыс күшінің еркін қозғалысы); жоғары құнды нарыққа көшу (органикалық, экологиялық сертификатталған, премиум, функционалды тағамдар); шағын фермерлердің маргинализациясы (жаһандану, бәсекелестіктің күшеюі, жеткізу тізбегіндегі қиындықтар т.б.) [3]. Бұл жағдайлар аграрлық сектор мен ауылдық аймақтарда бірқатар теріс әсерлерді қалыптастырды, олар: ауыл тұрғындарының азаюы, теңсіздіктің өсуі, азық-түлік әртүрлілігінің төмендеуі және институционалдық өзгерістер әсер етті (аграрлық саясат, нарықтық институттар, тәуекелдерді басқару және сақтандыру, ұйымдық құрылымдар т.б.) [4]. Бұл параметрлер Қазақстан Республикасына да тән [5]. Азық-түлік қауіпсіздігі бойынша жүргізілген

зерттеулердің көпшілігінде азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін негізгі факторды, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына әсерін зерттеуге бағытталған. Еліміздегі аграрлық саласындағы еңбек ресурстарын оңтайлы басқарудың азық-түлік қауіпсіздігін сақтаудағы маңызын зерттеуге бағытталған еңбектердің аз болуы біздің зерттеуімізге негіз болды. Осыған орай біздің зерттеуіміздің басты мақсаты Қазақстандағы халықтың азық-түлік тауарларына қолжетімділік деңгейін анықтау және оны нығайтуға аграрлық сектордағы еңбек ресурстарының әсерін бағалау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) және ФАО деректері, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі, АӨК саласын және ауылдық аймақтарды дамыту мақсатында әзірленген заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар, азық-түлік қауіпсіздігі бойынша зерттеу жүргізген отандық және шетелдік зерттеуші мамандардың ғылыми еңбектері, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының мәліметтері, Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы ҚР Ұлттық экономика министрінің Бұйрығы секілді материалдар қолданылды.

Мақалада Республика халқының 2018-2024 жылдар аралығында әлеуметтік маңызы бар тамақ өнімдерін тұтыну көлемі, оның динамикалық өзгерістері және жан басына шаққанда тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормасының нақты тұтыну деңгейімен сәйкестігін анықтау үшін статистикалық, динамикалық, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігі жағдайын талдау және оған халықтың қолжетімділік деңгейін анықтау, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға аграрлық сектордағы еңбек ресурстарының рөлін және азық-түлік саласы бойынша басты мәселелерді зерделеу үшін салыстырмалы және динамикалық талдау, хронология, синтез әдістері қолданылды. Азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға аграрлық сектордағы еңбек ресурстарының әсерін ғылыми негіздеу үшін жүйелі шолу, эмпирикалық, гипотезалық және ғылыми абстракция әдістері пайдаланылды. Зерттеудің нәтижесін қорытындылау кезінде абстракциялық, монографиялық, логикалық, жүйелі көзқарас әдістер қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі – елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қуатты мемлекет қалыптастырудың, сонымен қатар, ұзақ мерзімді табысты дамуы мен экономикалық өсуінің негізі [6]. Сол себепті мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін ауыл шаруашылығы саласынан бөлек қарастыру мүмкін емес.

Қазақстан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамыту жөніндегі 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске қосты. Жоспар тамақ өнімдерін өндіру көлемін арттыруға, импортқа тәуелділікті қысқартуға және өңделген өнімдер экспортын арттыруға бағытталған саланы дамыту бойынша кешенді тәсілдерді талап етеді [7]. Президент Қ-Ж.К.Тоқаев 2024 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне ауыл шаруашылығы саласының тікелей әсері бар екенін атап өтті. Сонымен қатар, Жолдауда еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін нығайту үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру - Стратегиялық міндеттердің бірі екені көрсетілді [8].

Азық-түлік өнімдеріне халықтың экономикалық және физикалық қолжетімділік деңгейі – негізгі (әлеуметтік маңызды деп саналатын азық-түлік өнімдері) жан басына шаққандағы азық-түлік өнімдерін тұтынудың орташа мөлшерін жан басына шаққандағы тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормасымен салыстыру нәтижесінде анықтауға болады. 1- кестеде Қазақстан Республикасы бойынша халықтың әлеуметтік маңызды азық-түлік өнімдерін тұтынудың жан басына шаққандағы орташа тиімді нормасы мен нақты тұтыну көлемі арасындағы салыстырмалы деңгей көрсетілген [9], [10].

Кесте 1 – Республика халықының әлеуметтік маңызды азық-түлік өнімдерін тұтыну көлемі мен жан басына шаққандағы орташа жылдық тиімді нормасы, (жылына кг.)

Азық-түлік өнімдерінің түрлері	Өлшем бірлігі	2018	2020	2022	2023	2024	Тұтынудың орташа нормасы	2024 жыл бойынша тұтыну нормасынан ауытқу (+;-)
Нан өнімдері және жарма өнімдері	кг.	182,1	150,0	124,2	127,6	124,9	109	15,9
	%	167,0	137,6	114,0	117,1	114,6	100	114,6
Ет және ет өнімдері	кг.	72,6	53,2	53,0	57,8	59,8	78,4	-18,6
	%	92,5	67,8	67,6	73,8	76,3	100	76,3
Балық және теңіз өнімдері	кг.	9,1	4,9	4,8	5,2	5,4	14	-8,6
	%	64,7	34,7	34,3	36,8	38,7	100	38,7
Сүт және сүт өнімдері	кг.	279,2	165,7	138,0	155,7	157,5	301	-143,5
	%	92,8	55,0	45,9	51,7	52,3	100	52,3
Жұмыртқа (дана)	кг.	193,1	168,1	165,4	182,0	190,4	265	-74,6
	%	72,9	63,4	62,4	68,7	71,8	100	71,8
Май және тоң май өнімдері	кг.	16,5	13,3	12,8	13,2	12,9	16,7	-3,8
	%	98,8	79,4	76,5	79,1	77,2	100	77,2
Жемістер	кг.	86,3	61,1	59,8	65,2	68,9	132	-63,1
	%	65,4	46,3	45,3	49,4	52,2	100	52,2
Көкөністер (картопты қоспағанда)	кг.	115,0	88,6	78,2	82,9	86,6	149	-62,4
	%	77,2	59,4	52,5	100,0	58,1	100	58,1
Картоп	кг.	57,2	48,7	36,9	38,7	39,4	100	-60,6
	%	57,2	48,7	36,9	38,7	39,4	100	39,4
Кондитерлік өнімдер: қант, джем, бал, шоколад	кг.	59,4	33,7	28,7	32,5	33,0	33,0	0,0
	%	180,0	102,2	86,8	98,5	100,1	100,0	0,1
Ескерту: [9], [10] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған								

1 кестеде, соңғы 7 жылда жан басына шаққандағы тұтынудың нақты мөлшерінің тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларымен салыстырылды.

Көрсетілген тауарлардың ішінде тек нан және кондитерлік өнімдер ғана тұтыну нормасынан жоғары немесе сәйкес келеді. Қалған барлық өнім түрлері бойынша айтарлықтай тапшылық байқалады, әсіресе сүт өнімдері 47,7% (121 кг.), балық 61,3% (3,6 кг.), көкөністер 41,8% (28,4 кг.), картоп 60,6% (17,8кг.) және жемістерге 47,8% (17,5 кг.) қатысты тиісті нормадан аз тұтынылып отыр. Бұл халықтың азық-түлік тұтыну құрылымында ақуыз, дәрумен және талшық көзі болып табылатын өнімдердің жетіспеушілігі бар екенін айғақтайды. Осыған орай азық-түлік өнімдеріне қолжетімділікті арттыру, тамақтану сапасын жақсарту үшін мемлекеттік деңгейде ішкі өндірісті арттыру және тамақтану мәдениетін көтеру бойынша кешенді шаралар қажет. 2024 жылды 2018 жылмен салыстырғанда ет және ет өнімдерін тұтыну 17,6%, балық және теңіз өнімдерін тұтыну 40,2%, сүт өнімдерін тұтыну 43,6% аз тұтынылған.

Еліміздегі азық-түлік тауарларына экономикалық және физикалық қолжетімділігінің төмен болуы аграрлық сектордағы бірқатар объективті және субъективті себептерге байланысты болуы мүмкін.


1) АӨК-нің ЖІӨ-гі тұрақсыз динамикасы: Қазақстанда 1991 жылғы деректерді ескеретін болсақ еліміздің АӨК саласы ЖІӨ-нің үштен бір бөлігін, нақтырақ айтқанда 29,5%-ын қамтамасыз етті. 1999 жылы ол 9,9% құрады. Себебі, осы кезеңдерде экономиканың басқа секторларының ЖІӨ-дегі үлесі төмен болуы мүмкін. Дегенмен, қазірге дейін бұл секторда тұрақты өсім сақталмай келеді. Атап айтқанда, соңғы 12 жылда (2012-2023) осы сектордағы ЖІӨ-нің ең төменгі көрсеткіші 2023 жылы тіркелді және 4,3% құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 0,9% - ға төмен. Зерттеу нәтижелері оның басты себептері: Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдері құрамындағы ірі өндірушілердің отандық өндірістегі

бәсекеге қабілетінің шектелуі болуы, ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек ресурстарының жылдан-жылға азаюы, ауыл шаруашылығы саласы кәсіпкерлерін ынталандырудың әлсіз тетіктері, ауыл шаруашылығы саласы мамандықтарына (агрономия, ветеринария) берілген гранттардың ақталмауы, ауыл шаруашылығын қаржыландыру мен субсидиялауда бірыңғай цифрлық платформаның болмауы және т.б. жағдайлармен байланысты екенін көрсетіп отыр.

2) Азық-түлік өнімдері бойынша импортқа тәуелділік. 2024 жылдың шілде айындағы мәліметтер бойынша жалпы тұтынуға азық-түлік (сусындарды қоса алғанда) өнімдерінің 38,5 % импорттық өнімдерді құрады. Әсіресе халық жиі тұтынатын: шоколад, шоколад пен қанттан жасалған кондитерлік өнімдердің 55,3%; өңделген және консервіленген жемістер мен жаңғақтардың 92,6%; құс еті 28%; маргарин өнімдерінің 55,3%; қатты түрдегі сүт өнімдерінің 74,5%; өңделген және консервіленген балық шаян тәрізділер және былқылдақ денелердің 64,5% импорттық өнімдер.

3) Азық-түлік өнімдерін қайта өңдеу саласындағы проблемалар: Еліміздегі сүт және ет өнімдерін өндірушілердің басым бөлігін шағын шаруашылық нысандар құрайды және олардың қайта өңдеу кәсіпорындарына ұсынатын сапалы өнімдерінің көлемі төмен. Осыған сәйкес өндірістік қуаттың төмен жүктелуі, оның ішінде: өңдеуге арналған шикізат көлемінің шектелуі болуы, өңделген өнімді өткізу нарықтарының болмауы, сырттан баға демпингінің әсері. Қайта өңдеу кәсіпорындарындағы технологиялық жабдықтардың физикалық және моральдық жағынан ескіруі және кәсіпорынның айналым қаражатының жетіспеушілігі. Нәтижесінде жоғары тозуға және өндірісті автоматтандыру деңгейіне байланысты қайта өңделген өнімнің жоғары құны сақталуда. Дайын өнімді экспорттау кезіндегі жоғары транспорттық тарифтер және қайта өңделген өнімнің импортына тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларының жетілмегендігі. Инфрақұрылымдардың нашар желісі, атап айтқанда: шикізат өнімдерін сатып алу, оларды сақтау, тасымалдау, қайта өңдеушілер мен жеткізушілер арасындағы өзара келісімнің жетілмеуі және т.б.

4) АІШ секторындағы жұмыс күшінің азаюы. Ауыл шаруашылығы секторындағы жұмыспен қамтылғандардың үлесі жылдан-жылға төмендеуі, сурет -2.



Сурет 1 - Негізгі экономикалық қызметтер бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыспен қамтылған халық саны, адам

Ескерту: [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

1-суреттен көріп отырғанымыздай Республикадағы халық санының артуына байланысты 2023 жылы 2018 жылмен салыстырғанда экономикалық қызметтер бойынша жұмыспен қамтылған халық 4,5% артты, ал ауыл шаруашылығы саласында жұмыспен қамтылған халық саны осы кезеңдер аралығында керісінше 12,2 % азайып отыр. Егер біз 2010 жылғы ауыл шаруашылығы саласында жұмыспен қамтылған халық санын 2023 жылмен

салыстыратын болсақ 53% азайды. (2010 жылы 2294,9 мың адам, 2023 жылы 1078,7 мың адам). Бұл ауылдық аймақтардағы өткір депопуляциямен байланысты. Республика бойынша 2024 жылдың басындағы ауыл тұрғындарының үлесін 2000 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,6% азайған. Әсіресе, еліміздің Солтүстік өңірлерінде оның ішінде, Солтүстік Қазақстан облысында (СҚО) 38,9% азайды. Бірақ, СҚО Республика бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруде жетекші аймақтардың бірі ретінде саналады және Қостанай, Ақмола облыстарынан кейінгі 3 орынды иеленеді. Білікті және сала мамандарының ірі қалаларға кетуі еңбек өнімділігінің төмендеуіне де әсер етіп отыр. Ауыл шаруашылығы секторындағы еңбек өнімділігі экономимкалық қызмет түрлері (ЭҚТ) бойынша ең төмен салалардың қатарына жатады және ол 2023 жылы 4378,0 тг. құрады. 2024 жылдың 1 жартысында аталған сектордағы еңбек өнімділігі Республикалық көрсеткіштен 3,5 есе төмен. Осылайша ауыл шаруашылығының азық-түлік өнімдерін өндіру, оның баға тұрақтылығын сақтау деңгейі бойынша әлі де тұрақтылық сақталмай келеді.

Кесте 2 – Республика бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының орташа бағаларының динамикалық көзгерістері, (2024-2025 жылдардың аралық кезеңдері)

	2024 (30 қаңтар)	2024 (31 желтоқсан)	2025 (30 қаңтар)	2025 (10 маусым)	Ауытқу, %	
					2025/2024 (30 қаңтар)	2025 10 маусым / 2024 (31 желтоқсан)
Бірінші сортты бидай ұны	235	222	224	221	95,3	99,5
Бірінші сортты бидай ұнынан пісірілген нан	190	202	203	208	106,8	103,0
Рожкилер (өлшеніп салынатын)	317	316	316	312	99,7	98,7
Тазартылған күріш (өлшеніп салынатын)	488	442	441	410	90,4	92,8
Қарақұмық жармасы (өлшеніп салынатын)	301	204	206	205	68,4	100,5
Күнбағыс майы	721	730	760	794	105,4	108,8
Тұздалмаған сары май	3979	4337	4471	4619	112,4	106,5
Сиыр еті – жауырын-төс бөлігі	2517	2581	2629	2930	104,4	113,5
Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	1291	1370	1371	1403	106,2	102,4
Пастерленген сүт 2,5%	383	404	410	417	107,0	103,2
Айран 2,5%	412	432	444	454	107,8	105,1
Сүзбе	2114	2177	2202	2252	104,2	103,4
Картоп	138	189	220	284	159,4	150,3
Сәбіз	167	153	157	250	94,0	163,4
Басты пияз	105	130	130	209	123,8	160,8
Ақ қауданды қырыққабат	148	151	158	184	106,8	121,9
Құмшекер	396	387	388	427	98,0	110,3
Жұмыртқа, I санат	568	548	548	509	96,5	92,9
Тұз	65	74	75	81	115,4	109,5

Ескерту: [9] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған

2-ші кестеде 2024 және 2025 жылдардың аралық кезеңдері бойынша әлеуметтік маңызды бар 19 азық-түлік тауарларының тауардың орташа бағасының динамикалық өзгерістері келтірілген. Келтірілген азық-түлік тауарларының ішінде ұн, рожки, тазартылған күріш, I санаттағы жұмыртқа өнімдерінен басқа 15 түрінің немесе 76,5 % тауардың бағасы тұрақты түрде өскен. Әсіресе картоп, басты пияз ақ қауданды қырыққабат өнімдерінің бағасы қымбаттаған. 2025 жылдың 1 жарты жылын 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда картоп - 59,4%, басты пияз – 23,8%, тұздалмаған сары май – 12,4%, ақ қауданды қырыққабат – 6,8% өскен. Ал 2025 жылдың маусым айын 2024 жылдың желтоқсан

айыммен салыстырғанда бұл өнімдердің бағасы картоп - 50,3%, басты пияз – 60,8%, тұздалмаған сары май – 6,5%, ақ қауданды қырыққабат – 21,9% өскен. Бұл тек мемлекетпен бақыланып отырған азық-түліктер екенін ескерсек, әлеуметтік маңыз бар азық-түлік тауарлары құрамына жатпайтын өнімдердің бағасы одан да жоғары болуы мүмкін.

5) ЭҚТ бойынша аграрлық сала мамандары жалақысының ең төменгі мөлшері. Аграрлық сектордағы еңбек өнімділігінің төмендеуі және мамандар санының жылдан-жылға азаюы салдарынан бұл саладағы жалақы деңгейінің төмен болуымен де байланысты болуы мүмкін. 2-суреттен ЭҚТ-нің басқа салаларымен салыстырғанда аграрлық сектор мамандарының ең төменгі жалақы алатыны белгілі болып отыр.



Сурет 2 – ЭҚТ бойынша орташа айлық жалақы, тг. (2025 жыл, 1 тоқсан)

Ескерту: [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2 – суреттен көріп отырғанымыздай, 2025 жылдың 1-тоқсанында ЭҚТ-нің ішінде ауыл шаруашылығы саласы бойынша орташа айлық жалақы (24,9 мың тг) ең төменгі деңгейді көрсетті және бұл деңгей әр жыл сайын қайталанады. 2025 жылдың бірінші жарты жылдығында ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысы Республика бойынша орташа айлық жалақымен салыстырғанда 41,2 %-ға төмен. Аталған проблемалар азық-түлік қауіпсіздігін сақтау шараларын күрделендіреді.

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (ФАО) азық-түлік қауіпсіздігін нығайту, оның баға деңгейіндегі тұрақтылықты сақтау, халықтың азық-түлік тауарларына экономикалық және физикалық қолжетімділік мәселелерін шешуде ауылшаруашылық кооперативтері маңызды рөл атқарады деп санайды. Ауыл шаруашылығы кооперативтерін түрлі бағыттарда (өндірістік, тұтыну, жабдықтау, сервистік және т.б.) дамыту арқылы: агроазық-түлік секторының проблемаларын реттеуге, аштық пен тамақтанбауға қарсы күресті шешуге, биліктің асимметриясын төмендетуге, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға, аумақтық басқаруды нығайтуға, мемлекеттік-жекешелік әріптестікке ықпал етеді. Осылайша, 2024 жылдың 20 маусымында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 2025 жылды «Халықаралық кооперативтер жылы» деп жариялады. Кооперативтер 2030 жылға қарай тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі прогресті жеделдетудің инновациялық тәсіліне маңызды үлес қосатыны көрсетілді.

Мақалада көрсетілгендей, еңбек ресурстарының тиімді пайдаланылуы ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі мен сапасына және азық-түлік өнімдерін нығайтуға тікелей әсер етіп, ішкі нарықтың қажеттіліктерін өтеумен қатар, баға тұрақтылығын сақтауға және импортқа тәуелділікті азайтуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, ауылдағы жұмыс күшін қолдау және тұрақты жұмыспен қамту - ауыл шаруашылығы өндірісінің ұзақ мерзімді дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып қала береді. Осылайша, аграрлық сектордағы еңбек ресурстарын дамыту мен оңтайлы басқару – азық-түлік тауарларына

халықтың қолжетімділігін арттырудағы маңызды тетік болып табылады. Бұл бағытта мемлекет тарапынан жүйелі қолдау мен тиімді саясат қажет.

Қорытынды

Мақалада еліміздің азық-түлік саласының дамуына кедергі келтіріп отырған бірқатар өзекті мәселелер анықталды. Атап айтқанда, бұл – АӨК-нің жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) үлесінің тұрақсыз динамикасы, азық-түлік өнімдері бойынша импортқа тәуелділік, қайта өңдеу кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз етудегі қиындықтар, ауыл шаруашылығы секторындағы жұмыс күшінің тұрақты түрде қысқаруы, ЭҚТ бойынша аграрлық сала мамандарының ең төменгі жалақы деңгейі, сондай-ақ жастар мен экономикалық белсенді топтардың аграрлық салаға қызығушылығының төмендігі. Аталған түйткілдерді ескере отырып, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай стратегиялық бағыттар бойынша жүйелі іс-шараларды жүзеге асыру өзекті деп санаймыз:

Біріншіден, ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек ресурстарын тұрақты жұмыспен қамту және орташа жалақының тұрақтылығын сақтау. Әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудегі потенциалды аймақтар (СҚО, Қостанай, Ақмола) мен туристік әлеуеті жоғары аймақтарда (Шығыс Қазақстан) қайта өңдеу кәсіпорындарын нығайту. Себебі бұл аймақтардағы ауылдарда депопуляция мен қартаюдың жоғары деңгейі байқалып отыр. 100 балаға есептегенде қартаю индексі Шығыс Қазақстанда 56,9, Солтүстік Қазақстанда 56,3, Қостанай облысында 48,9.

Екіншіден, аграрлық сектордағы еңбек ресурстарын тиімді пайдалану. Ауыл халқының үлесі жоғары өңірлерде (СҚО – 35%, Ақмола – 15% республикалық орташа көрсеткіштен жоғары) еңбек әлеуетін толық пайдалану үшін ауыл маңынан мамандандырылған қайта өңдеу кәсіпорындарын құру қажет. Бұл қадам өнім сапасын арттырып, сервистік қызметтерді дамыту арқылы ауылдық жерлердің экономикалық тартымдылығын арттырады және жастардың көші-қонын азайтуға септігін тигізеді.

Үшіншіден, азық-түлік өнімдерінің және АӨК-нің инфрақұрылымдарын дамыту. Бұл аграрлық сектордағы, әсіресе белсенді экономикалық тұлғаларды (жастарды) ауылға тартудың негізгі тетігі болып табылады. Себебі жастар цифрлық технологияны басқаруда потенциалды күшке ие. Сонымен қатар, бұл азық-түлік қауіпсіздігінің дамуын жедел басқару мен бағалауға, азық-түлік өнімдеріне бағаны бақылауға, азық-түлік қорларын қолдауға және Республика мен оның аймақтарының тұрақты дамуын цифрлық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауылшаруашылық өнімдерін форвардтық бағамен мемлекеттік тұрақты қорларға сатып алу шараларын нығайту; ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің тәуекелдерін сақтандыру құралын пайдалану және т.б.

Төртіншіден, ауыл шаруашылығы кооперативтерін (АШК) және оның ұйымдық формаларын (өндірістік, тұтыну, жабдықтау, өткізу және сервистік) дамыту. Олар қайта өңдеуші кәсіпорындардың шикізат қорын нығайтуға және оларға сапалы өнімдерді ұсынуға; өндіріс қуатын толық пайдалануға; айналым қаражаттарын арттыруға; инновациялық, цифрлық технологияларға қолжетімділікті қалыптастыруға; азық-түлік өнімдері бағасының тұрақтылығын сақтауға шағын шаруашылық нысандардың экономикалық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді (Азиядағы Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Индонезия елдерінің және Еуропаның Франция, Норвегия, Италия мемлекеттерінің, сонымен қатар дамыған АҚШ, Ұлыбритания елдері тәжірибесі).

Бесіншіден, фермерлер мен үй шаруашылықтарының сауаттылығын арттыру. Шағын шаруашылықтардың басқару, қаржылық және өндірістік сауаттылығын дамыту арқылы оларды АШК құрамына біріктіру – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеуді кеңейтіп, тұрақты жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Бұл әсіресе Солтүстік және Шығыс аймақтардағы ауыл халқының азаю қаупін төмендету үшін маңызды.

Қорытындылай келе, ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурстарын тиімді пайдалану – ауыл шаруашылығы саланың тұрақты дамуы мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шарты болып табылады. Мемлекет еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аграрлық сектордағы еңбек ресурстарын тиімді пайдалану, қайта өңдеу

кәсіпорындарын дамыту, инфрақұрылымды жетілдіру, ауыл шаруашылығы кооперативтерін қолдау және фермерлік сауаттылықты арттыру секілді шараларға назар аударған жөн.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің «Аграрлық өндірістің ресурстық әлеуетін пайдалану тиімділігін арттырудың ұйымдастырушылық-экономикалық шараларын әзірлеу (BR22886885)» мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Timmer C.P. (2010) Reflections on food crises past. Food Policy. Vol.35.P.1-11. doi:10.1016/j.foodpol.2009.09.002 accessed: 25.12.2024)
- 2 Timely action saves lives and money Global report on food crises. [Электронный ресурс]. - URL: <https://www.fsinplatform.org/sites/default/files/-resources/files/GRFC2023compressed.pdf> (accessed: 28.12.2024)
- 3 Härrä A., Levänen J., Koistinen K. (2020) Marginalized Small-Scale Farmers as Actors in Just Circular-Economy Transitions: Exploring Opportunities to Circulate Crop Residue as Raw Material in India. – Sustainability. № 12, 10355.- P.1-18. doi:10.3390/su122410355 (accessed: 30.12.2024)
- 4 Wati R., Tan F., Games D., Ridwan E. (2023) SMEs Strategies to Improve the Competitiveness of Dairy Products in West Sumatra Province. American Journal of Animal and Veterinary Sciences. Indonesia. – URL: <https://doi.org/10.3844/ajavsp.2023.139.146> (accessed: 25.12.2024)
- 5 Концепция развития сельских территорий Республики Казахстан на 2023–2027 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 270 [Электронный ресурс]- 2023.- URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000270> (дата обращения 28.12.2024).
- 6 Концепция развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021–2030 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2021 года № 960 [Электронный ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960> (дата обращения 16.12.2024).
- 7 Комплексный план по развитию переработки сельскохозяйственной продукции на 2024 – 2028 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 июня 2024 года № 512 [Электронный ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000512> (дата обращения 16.12.2024).
- 8 Қ-Ж.К.Тоқаев. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - [Электронный ресурс] - URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses> (қаралу уақыты: 08.01.2025)
- 9 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты [Электронный ресурс]. - URL: <https://stat.gov.kz> (қаралу уақыты: 17.01.2025).
- 10 Об утверждении научно обоснованных физиологических норм потребления продуктов питания. [Электронный ресурс]. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014674> (дата обращения 13.01.2025).

ВЛИЯНИЕ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ АГРАРНОГО СЕКТОРА НА ПОВЫШЕНИЕ ДОСТУПНОСТИ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫХ ТОВАРОВ

Аннотация

Целью статьи является определение уровня доступности социально значимых продуктов питания в стране, а также изучение роли трудовых ресурсов в аграрном секторе как одного из основных механизмов регулирования проблем в нем. В статье проведен анализ динамических изменений объема потребления социально значимых продуктов питания населением республики за 2018-2024 годы и соответствия этих показателей научно обоснованной физиологической норме потребления продуктов питания на душу населения. Кроме того, проведен сравнительный анализ численности занятого населения в сфере сельского хозяйства по видам экономической деятельности и их заработной платы. В результате исследования были выявлены ряд проблем, препятствующих обеспечению продовольственной безопасности страны, в том числе нестабильная динамика производства сельскохозяйственной продукции в валовом внутреннем продукте (ВВП), зависимость от импорта продовольствия, проблемы в сфере переработки пищевых продуктов и отсутствие адекватной продовольственной безопасности в сельскохозяйственном секторе, сокращение рабочей силы и сохранение минимальной заработной платы в этом секторе. В статье подчеркивается необходимость стабильной занятости трудовых ресурсов в аграрном секторе и поддержание стабильности средней заработной платы как основного механизма эффективного решения этой проблемы. Также изучена разница между среднегодовой эффективной нормой потребления основных продуктов питания населением на душу населения и фактическим объемом потребления. В этих целях научно обосновано, что государственные и местные исполнительные органы должны уделять особое внимание развитию различных организационных форм сельскохозяйственной кооперации и расширению несельскохозяйственной деятельности.

Ключевые слова: продовольствие, продовольственная безопасность, трудовые ресурсы, трудовые ресурсы в аграрном секторе, сельское хозяйство

THE IMPACT OF THE AGRICULTURAL SECTOR'S WORKFORCE ON INCREASING THE AVAILABILITY OF FOOD PRODUCTS

Annotation

The purpose of the article is to determine the level of accessibility of socially significant food products in the country, as well as to study the role of labor resources in the agricultural sector as one of the main mechanisms for regulating problems in it. The article analyzes the dynamic changes in the volume of socially significant food consumption by the population of the republic for 2018-2023 and the compliance of these indicators with the scientifically based physiological norm of food consumption per capita. In addition, a comparative analysis of the number of employed people in agriculture by type of economic activity and their wages was carried out. As a result of the study, a number of problems were identified that hinder the country's food security, including: unstable dynamics of agricultural production in gross domestic product (GDP), dependence on food imports, problems in food processing and lack of adequate food security in the agricultural sector, reduction of the labor force and the maintenance of minimum wages in this sector. The article highlights the need for stable employment of labor resources in the agricultural sector and maintaining the stability of average wages as the main mechanism for effectively solving this problem. The differences between the average annual effective rate of consumption of basic foodstuffs by the population per capita and the actual volume of consumption were also studied. To this end, it is scientifically justified that state and local executive bodies should pay special attention to the development of various organizational forms of agricultural cooperation and the expansion of non-agricultural activities.

Keywords: food, food security, labor resources, labor resources in the agricultural sector, agriculture.

REFERENCES

- 1 Timmer C.P. (2010) Reflections on food crises past. Food Policy. Vol.35.P.1-11. doi:10.1016/j.foodpol.2009.09.002 [in English] (accessed: 25.12.2024)
- 2 Timely action saves lives and money Global report on food crises. Available at: — URL: <https://www.fslnplatform.org/sites/default/files/-resources/files/GRFC2023compressed.pdf> [in English] (accessed: 28.12.2024)
- 3 Härrä A., Levänen J., Koistinen K. (2020) Marginalized Small-Scale Farmers as Actors in Just Circular-Economy Transitions: Exploring Opportunities to Circulate Crop Residue as Raw Material in India. – Sustainability. № 12, 10355.- P.1-18. doi:10.3390/su122410355 [in English] (accessed: 30.12.2024)
- 4 Wati R., Tan F., Games D., Ridwan E. (2023) SMEs Strategies to Improve the Competitiveness of Dairy Products in West Sumatra Province. American Journal of Animal and Veterinary Sciences. Indonesia. Available at: — URL: <https://doi.org/10.3844/ajavsp.2023.139.146> [in English] (accessed: 25.12.2024)
- 5 Концепция развития сельских территорий Республики Казахстан на 2023–2027 годы [The concept of rural development of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027] - Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 28 marta 2023 goda № 270 [Elektronnyj resurs]- 2023. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000270> [in Russian] (accessed: 28.12.2024)
- 6 Концепция развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021–2030 годы [The concept of development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2021-2030] Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 30 dekabrya 2021 goda № 960. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960> [in Russian] (accessed: 16.12.2024).
- 7 Комплексный план по развитию переработки сельскохозяйственной продукции на 2024 – 2028 годы [Comprehensive plan for the development of agricultural processing for 2024-2028] Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 28 iyunya 2024 goda № 512. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000512> [in Russian] (accessed: 16.12.2024).
- 8 Q-J.K.Toqayev. «Ädilet Qazaqstan: zañ men tärtp, ekonomikalyq ösim, qoğamdyq optimizm» [Adilet Kazakhstan: zañ men tartip, ekonomikalyk osim, kogamdyk optimizm] - atty Qazaqstan halqyna Joldaу. Available at: — URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses> [in Kazakh] (accessed: 08.01.2025)
- 9 Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jáne reformalar agenttigi Últtyq statistika bürosynyñ resmi saity [Kazakhstan Republics Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agentigi Ultyk statistics byrosyn resmi sites] - [Elektronnyi resurs]. Available at: — URL: <https://stat.gov.kz> [in Kazakh] (accessed: 17.01.2025).
- 10 Ob utverzhdenii nauchno obosnovannykh fiziologicheskikh norm potrebleniya produktov pitaniya. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014674> [in Russian] (accessed: 13.01.2025).

Information about authors:

Kanat Tireuov– Doctor of Economic Sciences, Professor, Chairman of the Board-Rector, S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, 010000, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: office@kazatu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3904-3553>

Darima Zhenshan - **corresponding author**, Candidate of Economic Sciences, Associate professor of the Department of «Management and Marketing», S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, 010000, Astana, Kazakhstan

E-mail: azan_tanat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2863-2611>

Assilbek Baidakov - Candidate of Economic Sciences, Associate Professor of the Department of Accounting and Finance, S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, 010000, Astana, Kazakhstan

E-mail: a_baidakov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/000-0003-1131-1413>

Bakdaulet Kypshakbayev – master of Economic Sciences, doctoral student of the Department «Management and marketing», S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, 010000, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: baxa_98@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-3976-4880>

Информация об авторах:

Канат Тиреуов - доктор экономических наук, профессор, Председатель Правления-Ректор, Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, 010000, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: office@kazatu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3904-3553>

Дарима Женсхан - **основной автор**, кандидат экономических наук, ассоциированный профессор кафедры «Менеджмент и маркетинг», Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, 010000, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: azan_tanat@mail.ru;

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2863-2611>

Асылбек Байдаков - кандидат экономических наук, ассоциированный профессор кафедры «Учет и финансы», Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина, 010000, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: a_baidakov@mail.ru

E-mail: <https://orcid.org/0000-0003-1131-1413>

Бақдәулет Қыпшақбаев - магистр экономических наук, докторант кафедры «Менеджмент и маркетинг», Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, 010000, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: baxa_98@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-3976-4880>

Авторлар туралы ақпарат:

Қанат Тиреуов - экономика ғылымдарының докторы, профессор, Басқарма төрағасы-Ректор, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, 010000, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: office@kazatu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3904-3553>

Дарима Женсхан - **негізгі автор**, экономика ғылымдарының кандидаты, «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, 010000, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: azan_tanat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2863-2611>

Асылбек Байдаков - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Есеп және қаржы» кафедрасының доценті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, 010000, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: a_baidakov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1131-1413>

Бақдәулет Қыпшақбаев – экономика ғылымдарының магистрі, «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының докторанты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, 010000, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: baxa_98@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-3976-4880>